

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы МКҚК №15 «Әлия» бөбекжайы

Топ №2 «Алақай» кіші тобы

Балалардың жасы 2-3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 02-05 мамыр 2023 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 01.05.23.	Сейсенбі 02.05.23.	Сәрсенбі 03.05.23.	Бейсенбі 04.05.23.	Жұма 05.05.23.
Балаларды қабылдау		Балаларды топта жақсы қабылдап, амандасу. «Күн нұры» Май берейін, құрт берейін, Күннің көзі шық, шық. Алақай, алақай, Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты. Сөйлеуді дамыту Қоршаған ортамен таныстыру	Балаларды жақсы көңіл - күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. Тыныс алу жаттығуы Ішке тартып ауаны, Демінді алшы тереңнен. Денсаулықтың жауабы, Қайталасан менімен. Көркем әдебиет Музыка	Балаларды жақсы көңіл – күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. «Сикырлы қап» Мақсаты: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу. Дене шынықтыру Музыка	Балаларды жақсы көңіл –күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. Балаларға тақпақты қайталату арқылы кимылдар жасау. Тыныс алу жаттығуы Демді ішке тартайық Енді «Ү-п» деп айтайық. Демді шығар қайтарып. Музыка
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру		Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту	Ата-анаға балабақшадан қалмауын, ауырған жағдайда ескертуі туралы айту	Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)		Сурет салу «1-мамаыр бірлік күніне» Мақсаты: Бірлік туралы түсінік беру.	Сөйлеуді дамыту «Саусақ» жаттығуы Бала, бала, балақай, Қол соғайық, алақай! Бір,екі,үш деп айтайық, Саусақтарда тартайық. Жалқау бала болмайық, Қолды қысып, ойнайық.	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бақа мен тырна» Мақсаты: Қозғалмалы ойындар мен жаттығулардың алғашқы түсініктері мен дағдыларын	Көркем әдебиет «Достық мерекесі» Мақсаты: Жеңіс туралы туралы түсінік беру.

				калыптастыру. Балаларды достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Дене шынықтыру Көркем әдебиет	
Таңертенгі жаттығу	Картотека				
	«Жануарлар қимылына еліктеу» «Қоян»- екі аяқпен орнында оңға, солға бұрыла секіру; «Қасқыр» - шеңбер бойымен топтасып жүгіру; «Аю»- аяқ сыртымен жүру; «Түлкі»- баяу , тоқтап басын оңға, солға бұрып жүгіру; Екінші кіші топтарға арналған таңғы жаттығулар.				
Таңғы ас		Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу, Көркем сөз «Бата» Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мсреке берсін! Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін! Әумин	Жуынатын бөлмедегі тәртіп пен тазалық. Көркем сөз Қолымызды жуамыз, Асханаға барамыз Асханаға барған соң Тамақ ішіп аламыз.	Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Жегеніміз нан болсын! Айтарымыз ән болсын! Тамақ берген апайға, Айтарымыз оң болсын! Әумин!	Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету. Нан туралы тақпақ Нан қиқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастандар! Мақсаты: Балаларға таңғы астың , нанның маңыздылығы жайлы айту, тамақты тауысып жеуге үйрету.
	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, Көркем әдебиет Мүсіндеу «Торғай жаттығуы»	Дене шынықтыру «Бала, бала, балапан» Бала, бала, балапан Қане, қайсы, алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат. Бала, бала, балапан	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты	Қоршаған ортамен таныстыру «Жаттығулар жасайық» Тез қозғалып осылай Жаттығулар жасайық. Жақсылықты үйреніп,

		Торғай ағаш қорғайды. Шыр-шыр еткен торғайды, Таспен атып торғайды, Қорғамасаң болмайды. Ұя бұзған оңбайды. Кіп-кішкене торғайлар, Құс өкпелеп кетеді, Ағаштарды қорғайды. Бақшамызға қонбайды. Торғайды мүсіндеу.	Қане, қайсы, алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат.	қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Жарық болсын күніміз, Жарқын болсын үніміз. Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гүліміз. (сөйлеуді дамыту)	Жамандықтан кашайық.
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс- әрекет	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру № 86 Білім саласы: Денсаулық Бөлімі: Денешынықтыру Тақырыбы: Күлімдейді көкте күн Негізгі қимылдар: допты екі қолмен керілген арқаннан өткізе лақтыру. Параллель сызықтар арқылы бір орыннан ұзындыққа секіру (арақашықтығы – 10 см). Мақсаты: секіру және доппен орындалатын жаттығуларды орындау дағдыларын бекіту Міндеттері: допты төмен жақтан екі қолмен лақтыруға үйретуді жалғастыру, доптың ұшу жолын дұрыс бағыттау, доптың артынан қолын жазу білігін	Музыка «Солдат болам мен ертен» Мақсат-міндеттер. Балаларды 9-мамыр жеңіс күніне айтқызып , түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету; дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату және әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру; қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір- бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындауға үйрету.	Дене шынықтыру № 87 Таза ауада Білім саласы: Денсаулық Бөлімі: Денешынықтыру Тақырыбы: Жаттығу оңай-ақ Негізгі қимылдар: 1 метр қашықтықтан тік нысанаға дәлдеп лақтыру. Гимнастикалық орындықта төрттағандап еңбектеу. Мақсаты: нысанаға лақтыру және тепе- тендікті сақтай білу дағдыларын қалыптастыру Міндеттері: доптың ұшу жолын дұрыс бағыттау, доптың артынан қолын жазу білігін қалыптастыруды жалғастыру. Гимнастикалық орындық

			калыптастыру. «Көз – қол» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Бір орыннан ұзындыққа (10 см қашықтыққа) секіруге жаттықтыру; итерілген кезде табанды дұрыс қою, өкшеге түсе отырып бүкіл табанға ауысу білігін бекіту. Қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу Ойын: «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: бір-біріне соғылмай «шашырап» жүгіру білігін дамыту, белгіге тез әрекет ету. Күтілетін нәтиже: Жасайды: ойын гимнастикасын, допты екі қолмен арқаннан асыра лақтыруды; Түсінеді: шеңберге тұруды, орыннан ұзындыққа секіру кезінде екпінді түрде итерілуді, қолшатырдың астына жылдам тығылуды, тыныс алу гимнастикасын жасауды; Қолданады: доппен әрекет ету дағдыларын, сызықтар арқылы		үстінде еңбектеп жүруге жаттықтыруды, көтеріңкі заттың үстінде тепе-теңдікті сақтау білігін жетілдіруді жалғастыру, 157 қимыл үйлесімділігін дамыту. Салауатты өмір салты туралы алғашқы түсініктерінің қалыптасуына ықпал ету. Ойын: «Затты көтер» Мақсаты: заттардың арасымен жүруге жаттықтыру, тез әрекет етуін дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: допты тік нысанаға дәлдеп лақтыруды; Түсінеді: допты қолдың екпінді қимылымен лақтыруды, нысанаға тигізуге тырысуды, жанындағы затты көтеруді; Қолданады: доппен әрекет ету дағдыларын, гимнастикалық орындықта төрттағандап еңбектеу білігін, қимылдарды педагогтің белгісі бойынша орындауды, шашырап жүгірген кезде зал кеңістігін бағдарлай
--	--	--	--	--	---

Серуен		№ 1 Көркем сөз. Отырғыз ағаш көктемде, Жөн болмақ еңбек еткенін. Келмесе шамаң еккенге, Сындырма жұрттың еккенін.	№ 2 Еңбек: Құстарға жем шашу. Көркем сөз. Жұмбақ. Балалармен достасып, Жазда бакты қорғайды. Күзде кетер қоштасып, Кім біледі... (торғайды).	№ 3 Еңбек: Жәндіктерге нан кикымын беру. Көркем сөз. Құмырсқа батыр. Қимылдап жатыр. Алды да ырғап, Көтерді «бір қап» Құмырсқа қыстан, Шығалы жырғап. Жалқауға күллі- Құмырсқа үлгі.	№ 4 Еңбек: Ойын алаңының қоқыстарын жинау. Өздеріне жүктелген жұмысты жауапкершілікпен атқару. Көркем сөз. Жұмбақ. Жылт-жылт еткен, Жырадан өткен. (су)
Серуеннен оралу		Бір -біріне шешінуге көмектесу. Жапсыру «Қызғаншақ қонжықтар» Мақсаты: Қонжықтар туралы білімдерін одан әрі жетілдіру, қонжықтардың бейнесін қағаз бетіне түсіре білуге үйрету.	Киімдерін жинау. Сөрелерін ретке келтіру.	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қояндар мен қасқыр» Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу.
Түскі ас		Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу.	Ас қайыру. Асын, асын, асыңа, Береке берсін басыңа!	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту)
Күндізгі ұйқы		Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Қуыр-қуыр- қуырмаш» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Әлді» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бала, бала, балақан» Музыка
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі).				

		секіруді, қимылдарды педагогтің белгісі бойынша орындауды. Құрал-жабдықтар: балалардың санына қарай доптар, бір орыннан секіруге арналған таспалар, ойынға – қолшатыр. ҰОҚ барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі. Ойын сәті. Педагог шұғыламен ойнауды ұсынады – айна арқылы күн сәулесін қабырғаға, еденге шағылыстырады. II. Негізгі кезең «Шұғыланы қуып жет» ойын жаттығуы I. Жалпы дамыту жаттығуларын орындау Ойын гимнастикасы: «Аяқты топылдатамыз» Аяқпен тарсылдатамыз, Қолдармен шапалақтаймыз, Баспен іздейміз. 156 Қолдарды көтереміз, Қолдарды түсіреміз. Қолымызды ұсынамыз, Айналып жүреміз, Айналып жүреміз	білуді, сызық бойымен қатарға тұруды. Құрал-жабдықтар: ойыншық маймыл, бала санына қарай текшелер, ойынға арналған ұсақ заттар, дәлдеп лақтыруға арналған тік нысана. ҰОҚ барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі. Тосынсый. Ойыншық маймыл Чикки қонаққа келеді. Педагог баспалдақтан түсіреді. Балалармен ойнауды ұсынады. II. Негізгі кезең «Чиккиді паровоз вагондарымен қыдыртамыз» ойын жаттығуы Паровозым: «Ду-ду-ду!» Жүрген жері у да шу. Вагондары тарсылдап, Былай дейді: «Дық-дық-дық! Тізбекте қарқын мен бағытты өзгертіп жүру. Нұсқау – «вагондар» бір-бірінен үзіліп қалмаулары тиіс.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).		

Бесін ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың алдына қойған асқа назар аударту; мәдениетті тамақтануға баулу (сөйлеуді дамыту).				
Балалардың дербес іс-әрекеті		Қоршаған ортамен таныстыру Қимылды ойын: «Қай қолымда көп» Мақсаты: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Жер мен су" әңгімесін оқып беру". Мақсат-міндеттер. Балаларға судың көктем мезгіліндегі жер мен ағаштарға тигізетін пайдасын әңгімелеу, көктемгі құбылыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру, диалогтар үлгілерін қалыптастыру.	«Сипаттамасы бойынша тап» Мақсаты: ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту.	Дене шынықтыру «Шынығамыз» Шаршасандар, балалар, Қолдарыңды созындар. Саусақтармен ойнаңдар, Қолдарыңды сермендер. Денелерің шынықсын, Саналарың тынықсын.
Балалармен жеке жұмыс		«Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Айару, Махамбет, Ислам.	«Сиқырлы қаш» Мақсаты: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды таңуға баулу. Нұрай, Шапағат, Абдурахим.	«Кім шапшаң?» Мақсаты: Есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру. Ақнұр, Амина, Ләйла.	Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр» Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Алихан, Дана, Сезім.
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу				
Серуен		№ 1 Көркем сөз: Жел тынымсыз гүлдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.	№ 2 Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3. Дөпті қуалау. «Сақина» Мақсаты: алақан арасына сақинаны жасыру арқылы шыдамдылыққа үйрету, тапқырлыққа баулу	№ 3 Дербес ойындар: 1. Әткеншек тебу. 2. Ирек жолмен жүру. Қимылды ойын: «Дөпті қуып жет». Балаларды тез жүтіруге үйрету, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.	№ 4 Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру: 1. Жарысу. 2. Төбешікке секіру. Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.

Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті.				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Макста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. <i>Көркем сөз</i> Комағай қоныр аю, Нанды шашып жеп отыр. Түсінбедік бір сөзін, Аузы нанға толып тұр. Сөйлемей іш тамақты, Тарсылдатпа табақты. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Балалардың дербес іс-әрекеті		«Сәйкес ұяшыққа орналастыр» дидактикалық ойын Мақсаты: ойлау қабілетін арттыру.	Сенсорика «Дәл осындай пішінді тап» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.	Жапсыру «Вагондарға дөңгелек таңдау» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.	«Бізге кім келгенін тауып ал» Мақсаты: Айтылу мен есту жағынанан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қалағалай білуге дағдыландыру. Кебір заттардың аттарын бекіту. Сөйлеуді дамыту
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

Тексерілді:
Бөбекжай директоры:
Г.С.Узақбаева 
« ____ » _____ 2023. жыл